

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.230-231

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ “IZETGREENHOUSE” ЖШС ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІ ЖАҒДАЙЫНДА ҚИЯР ӨНДІРІСІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ӨНІМДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ БОЛАШАҒЫ

Хурметбек О., Аблатаев Д.

Қазіргі уақытта әлемдік аграрлық экономика мен демографияның жаңа үрдістері қалыптасуда, өңірдегі ықпалдастыру процестері нақты дами бастады, жаһандық климаттық өзгерістер болуда. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы әлемдік азық-түлік нарықтарына ықпалдасты және сауда теңгерімін қалыптастыруға белсене қатысады.

1- кесте - Қазақстан Республикасы бойынша өнімдерді тұтынудағы импорттың үлесі, мың тонна (ҚР Статистика агенттігі)

Өнім	Импорт	Тұтыну	Тұтынудағы импорт үлесі %
Көкөніс, бау-бақша дақылдары	193,2	3 169,0	6,10%

Кестеде көрсетілгендей қазіргі таңда Қазақстанның жеміс-көкөніс өнімдері, импортқа тәуелділік деңгейі жоғары [1].

«Қазақстан 2050» стратегиясы «Агробизнес-2020» бағдарламасына сәйкес, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің алдында жаңа технологиялар енгізу есебінде жылыжайларда өсірілетін экологиялық таза өнімдерді өндіру басты міндеті тұр. Жылыжай құрылыстарын қайта салу және жаңарту үшін инвестициялық субсидиялау бағдарламасы барысында өнеркәсіптік жылыжай ғимараттарының ауданын ұлғайту арқылы жалпы өнімін 36 мың тоннадан (2012 ж.) 112 мың тоннаға дейін (2020 ж.) жеткізу жоспарлануда [2].

Қазақстан жылыжайлар қауымдастығының деректері бойынша бүгінде елде 56 гектар ғана жабық топырақ алқабы бар, жалпы өнімділігі 16 мың тоннаны құрап отыр, яғни бұл дегеніміз еліміздің көкөніске деген қажеттілігінің - 18,3%-ды құрайды бұл көлемге өнеркәсіптік жылыжайлар кешені сияқты шағын жылыжайлар да кіреді. Салыстыру үшін, Польшада жылыжай шаруашылықтары алқабы 6 000 га астамды, Голландияда – 10 000, Түркияда – 41 000, ал Қытайда – шамамен 1,5 млн. га құрайды. Қазақстанда бар болғаны 91,4 га. Сауда желілері де қоғамдық тамақтандыру орындары да жас және сапалы өнімдерді аса қажет етеді. Тұрақты жұмыс істейтін жылыжай шаруашылықтары жыл бойы табыс табуға мүмкіндік береді.

Өнімділігі жоғары, өзін тез ақтайды, рентабельділігі жақсы, жылыжай шаруашылығының басымдығы осы мен шектелмейді.

Негізінен жылыжай бизнесі қазіргі уақытта елдің оңтүстік өңірлерінде дамуда. Өйткені нарыққа қатысушылар солтүстік аудандарда газ бен электр энергиясына шығынданғанша өсірілген тауарды оңтүстіктен басқа қалаларға тасмалдаған пайдалы деп санайды. Алайда тасудың ұзақтығы салдарынан тауар бұзылады, сондықтан қосымша шығыс туындайды, ол өнімнің өзіндік құнын ұлғайтады [3].

Ақтөбе облысында тұрғындар саны 822 688 (2015 жыл) адамды құрайды. Қала тұрғындарын қияр өнімімен қамтамасыз етіп отырған бірнеше ірі жылыжай кешендері жұмыс істеуде. Жылыжайлар ішіндегі ең ірі “IzetGreenHouse” ЖШС жылыжай кешені. Жылыжай бес жыл бұрын голландия технологиясы бойынша салынды. Жылыжайдың алғашқы өнімі 2011 жылы сәуір айында алынды. Өндіріс қуаты жылына — 1800 тонна. Бірінші бес жылда жылыжайда қызанақ өсірілді. Ал биыл бұл жерде қияр өсіруге ден қойып, өнімнің алғашқы көрсеткіші бағбандардың ойынан шықты. Олар биыл 1100 тонна қияр жинап алды. Мұнда өсірілген көкөністер облыс аумағында сатылады және Ресейдің Орынбор мен Орск қалаларына да экспортталады [4].

Көкөністердің сапалық көрсеткіштері аса маңызды екені анық. Мұның себебі барлық көкөністер тағамға балғын күйінде және шамалы қайта өңдеуден (көбінесе үй жағдайында) кейін жыл бойына қолданылады. Адамның тағамдық рационасында «дәрумендер қоймасы» ретінде көкөністердің орны ерекше [5].

Қиярды тұтыну көлемі жылына шамамен 6 600 тоннаны құрайды. Сараптамалық сауалнама деректері мен ауыл шаруашылығы министрлігінің көрсеткіштері бойынша жалпы тұтынудың шамамен 30%-ы жазғы маусымда өз учаскелерінде өсірілген көкөніс. Қалған 70%, ал бұл шамамен 4 620 тонна сатып алынған қияр. Тұтастай алғанда қиярды тұтыну оны тұтыну нарығының өсуімен қатар жүруде. Көкөніске деген сұраныс жылына орташа 10% өсуде, бұл халықтың нақты табысының өсуіне әсер етуде. Орташа жанбасына тұтыну негізінде 1 адамға көкөністің тұтыну көлемі мынаны құрайды қияр 10—13 кг.

Қорыта келе жоғарыдағы мәліметтен елімізде көкөністі жылыжайда өсіру енді ғана жолға қойылуда. Қазіргі таңда “IzetGreenHouse” ЖШС жылыжай кешені жағдайында голландия технологиясын қолданып тек Ақтөбе қаласын қиярмен қамтамасыз етіп отыр. Алдағы уақытта аса қуатты «Orange Holding» компаниясы нидерландық технологияны пайдаланып, алаңы 30 гектар болатын үлкен жылыжай салыну көзделуде.

Әдебиеттер тізімі

1. 2013 жылғы 18 ақпанда №151 жарлығына сәйкес ҚР Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" бағдарламасы.
2. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси

бағыты // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2012, 14-желтоқсан.

3. <http://yvision.kz/post/306182>

4. <http://aktobenews.kz/2016/09/27/aqtobedegi-zhylyzhaj-qyzanagy-men-qiyaryn-shetelge-eksporttamaq/>

5. Rakhymzhanov B.S., Aitbaev T.E., Tazhibaev T.S., Cholacov T., Cultivation of egg plant (*Solanum melongena* l.) using drip irrigation with the use of mineral fertilizers in the conditions of the south-east Kazakhstan/ Biosciences, Biotechnology Research Asia (India, ISSN 0973-1245, Scopus). V.12 (1)7 – P. 101- 109.